




Тақырып:



Өндірістік құрылым
түсінігі. Ұйымның
өндірістік бөлімшелері,
қызмет көрсетуші
бөлімшелер



- Өнеркәсіптік кәсіпорындағы өндірістік құрылымның үш түрі бар:
- заттай;
- технологиялық;
- аралас.






- **Заттай құрылымды** қолданған кезде кәсіпорынның негізгі цехтары мен учаскелерінің әрқайсысы белгілі бір өнімді, не болмаса белгілі бір бөлшектерді өндіруге маманданады.

Ерекшелігі:

Заттай құрылымның көптеген пайдалы көрсеткіштері болады. Ол цехтардың арасындағы байланысты дамытады, өндіріс циклын азайтады, жұмысшылардың өнім сапасын көтеруге деген көзқарасын жақсартады. Соның арқасында өнім өндіру ұлғаяды, өндіріс шығындары азаяды.





- **Технологиялық құрылым** қолданылғанда технологиялық процестің ретіне байланысты жұмыс орындалады.


- **Ерекшелігі:**

- Өндірістік құрылымның бұл типі цехты не болмаса учаскені басқаруды дамытады және өндірістің бір номенклатуралы өнім шығарудан келесі номенклатуралы өнім шығаруына ықпал жасайды .

Кемшіліктері: цехтардың арасындағы өндірістік қарым-қатынастардың күрделенуі, жоғарғы өнімді құрал-жабдықтар мен құралдар қолданудың мүмкіншілігінің жоқтығы. Бұлардың бәрі еңбек өнімділігінің төмендеуіне, шығында көлемінің өсуіне әсерін тигізеді.




• Ал өндірістік құрылымның *аралас* түрі болса, заттай құрылымның да, технологиялық құрылымның да элементтерінен тұрады және бұл тип цехаралық тасымалдардың көлемі азаюына, өнім өндірудің өндірістік циклының қысқаруына, еңбек жағдайын жақсартуға еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын азайтуға әсерін тигізеді.




Өндірістік бөлімшелерге – кәсіпорын шығаратын негізгі өнімді бақылау тексерулері және зерттеулер жүргізілетін цехтар, учаскелер, басқа жақтан алынып жинастырылатын бұйымдар, материалдар мен жартылай фабрикалар, жөндеу қамту үшін қажетті қосалқы бөлшектер, технологиялық және басқа да мақсаттарға қолданылатын энергияның әр түрі құрылады.



Қызмет көрсетуші бөлімшелер - кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қалыпты қызметін қамтамасыз ететін бөлімшелер, оларға тұрғын үй-коммуналдық бөлімдер, олардың қызметтері, фабрикалар, ас үйлер, асханалар, демалыс орындары, медициналық-санитарлық бөлімдер, ерікті спорт қоғамдары, оқу орындары жатады.



Үй тапсырмасы



- 1 топ білімгерлері:

Нан пісіретін кәсіпорынның өндірістік құрылымының моделін құрастырыңыз.

- 2 топ білімгерлері:

Кез келген кәсіпорынның (акционерлік қоғам мысалында) әкімшілік басқару бөлімшесінің моделін құрастырыңыз.

